

## **Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу қағидаларын бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 3-3/222 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 7 маусымда № 7715 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 3-2/106 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.02.2014 № 3-2/106 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңының 6-бабының 1-тармағының 5-1) тармақшасын жүзеге асыру мақсатында

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу қағидалары бекітілсін.
2. Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:
  - 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды;
  - 3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *А. Мамытбеков*  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2012 жылғы 27 сәуірдегі  
№ 3 - 3 / 2 2 2 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу қағидалары ( бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі « Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңының 6-бабының 1-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу тәртібін а н ы қ т а й д ы .

2. Осы Қағидада келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарлары кепілінің тізілімі – ауыл шаруашылығы жануарларының кепілі және ауыл шаруашылығы жануарларының кепілі туралы келісім-шарттың тараптары туралы ақпаратты есепке алу және сақтау деректер қ о р ы ;

2) өтініш беруші – тіркеуші органға кепілді тіркеу туралы өтінім берген жеке немесе заңды тұлға, немесе құзіретін растайтын құжаттары бар олардың өкілдері;

3) тіркеу объектісі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2331 қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесіне (бұдан әрі – Бірдейлендіру ережесі) сәйкес бірдейлендіруден өткен ауыл шаруашылығы жануары;

4) тіркеуші орган – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы (әкімдігі).

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.12.25 № 3-3/660 Бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **2. Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу тәртібі**

3. Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу үшін өтініш беруші т і р к е у ш і о р г а н ғ а :

1) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу туралы өтінішті;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың, өкілі үшін – оның өкілеттігін растайтын құжаттың, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және көшірмесін;

3) ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу үшін жиынның бюджетке төлеуін растайтын құжаттарды ұсынады.

Өтінішпен бірге ауыл шаруашылығы жануарларының ветеринариялық паспортының көшірмесі және кепіл туралы келісім-шарт қоса беріледі, оны тіркеуші орган өтініште көрсетілген деректерді тексерген соң тіркеу туралы белгісін қойып өтініш берушіге қайтарады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.12.25 № 3-3/660 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 15.04.2013 № 15-07/172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы Қағиданың 3-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап тіркеуші орган:

1) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылған құжаттарды қабылдағанын растайтын күні, уақыты (сағат, минут) көрсетілген қолхатты өтініш берушіге береді;

2) осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кепілді тіркеу туралы өтініштегі деректерді ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу тізіліміне енгізеді;

3) осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті берген тұлғаға ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу туралы куәлікті береді;

4) қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес деректерді хабарлайды.

5. Ауыл шаруашылығы жануарының кепілін тіркеуді жүргізбей тұрып, тіркеуші орган жануар туралы деректерді ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер қорынан Бірдейлендіру ережесіне сәйкес, олардың бірдейлендіруден өткендігін, кепіл берушінің меншігіндегі жануардың шығуы, ұрлануы, сойылуы немесе жануардың өлім-жітімі туралы деректерді тексереді.

6. Тіркеуші орган жануардың кепілі туралы ұсынылған келісім-шартты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 307-бабына сәйкестігі, қайта кепілге шектеу қою туралы шарттардың болуына тексереді.

7. Ауыл шаруашылығы жануарлары кепілін тіркеуден бас тартуға мыналар:

1) кепіл туралы келісім-шарттың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 307-бабына сәйкес болмауы;

2) құжаттарды толық ұсынбауы;

3) Бірдейлендіру ережесіне сәйкес бірдейлендірілмеген ауыл шаруашылығы жануарларын кепілге беруі негіз болады.

8. Тіркеуден бас тартқан жағдайда тіркеуші орган өтініш берушіге құжаттарды қабылдаған күннен соң екі жұмыс күні ішінде жазбаша уәжді жауап жолдайды.

9. Ауыл шаруашылығы жануарлары кепілін тіркеуден бас тарту немесе

тіркеуден жалтару әрекеттеріне өтініш беруші сот тәртібінде шағымдануы  
м ү м к і н .

10. Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу кепілді тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректерді ауыл шаруашылығы жануарлары кепілінің тізіліміне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

11. Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу:

1) жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкер үшін – салық төлеуші ретінде тіркелген жері бойынша ;

2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны тіркеген жері бойынша жүзеге асырылады .

12. Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу туралы куәлікті беру арқылы құжаттарды қабылдаған күннен соң екі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

13. Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу туралы куәлікке уәкілетті лауазымды тұлғаның қолы қойылады және тіркеуші органның мөрімен куәландырылады .

14. Ауыл шаруашылығы жануарларының кепілі кепіл туралы келісім-шарттың тараптарының бірінің талап етуі бойынша тіркеледі.

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы  
ж а н у а р л а р ы н ы ң к е п і л і н т і р к е у  
т у р а л ы қ а ғ и д а л а р ғ а  
1-қосымша

Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.04.2013 № 15-07/172 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

---

тіркеуші органның атауы

№ \_\_\_\_\_

**ауыл шаруашылығы жануарларының кепілін тіркеу туралы  
өтініш**

К е п і л г е қ о ю ш ы  
Жеке тұлғаның тегі, аты және болған кезде әкесінің аты, тұрғылықты жері, туған күні және жылы; заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері:

---

---

---

жеке тұлға үшін жеке тұлғаны растайтын куәлігі: түрі \_\_\_\_\_ сериясы \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ берілген

(құжатты берген органның атауы)

заңды тұлға үшін заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама:

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ берілген

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық \_\_\_\_\_ мекен-жайы, \_\_\_\_\_ телефоны

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан қызмет ететін

(уәкілетті өкілдің тегі, аты және болған

кезде әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ негізінде

(құзіретін куәландыратын құжаттардың атауы және

берілген күні)

К е п і л д і \_\_\_\_\_ ұ с т а у ш ы

Жеке тұлғаның тегі, аты және болған кезде әкесінің аты, тұрғылықты

жері, туған күні және жылы; заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

жеке тұлға үшін жеке тұлғаны растайтын куәлігі: түрі \_\_\_\_\_ сериясы \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ берілген

(құжатты берген органның атауы)

заңды тұлға үшін заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама:

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ берілген

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық \_\_\_\_\_ мекен-жайы, \_\_\_\_\_ телефоны

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан қызмет ететін

(уәкілетті өкілдің тегі, аты және болған

кезде әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ негізінде  
(қүзіретін куәландыратын құжаттардың  
атауы және берілген күні)  
Ауыл шаруашылығы жануары кепілі келісім-шартын тіркеуді сұраймын

(келісім-шарт нөмірі, жасалған күні, келісім-шарт жасалған орны)  
Кепіл нысаны туралы дерек (саны, түрі, жануардың бірдейлендіру  
нөмірі, кепілге көп мал санын ұсынған жағдайда міндетті түрде барлық  
малдың бірдейлендіру нөмірі көрсетілетін келісім-шартқа сілтеме  
ж а с а у ғ а ж о л б е р і л е д і )

М ү л і к т і ң к е п і л қ ұ н ы

К е л і с і м - ш а р т т ы ң м е р з і м і

Кепілге қойылған мүлік: кепілге қоюшының, кепілде ұстаушының  
иелігінде қалады (керексізін сызып тастау)

Оны қолдану мүмкіндігі: Иә Жоқ (керексізін сызып тастау)

Қайта кепіл туралы дерек: Иә Жоқ (керексізін сызып тастау)

Ө т і н і ш к е қ о с а б е р е м і н :

1. жеке тұлғаны растайтын немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу  
(қайта тіркеу) туралы құжаттардың көшірмесін (керексізін сызып  
т а с т а у )

2. кепілді тіркеу үшін жиынды төлеу туралы төлем құжатының көшірмесін

3. ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспортының көшірмесін

Өтінішті берген күні: \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.

Өтініш қабылданған күні: \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.

Өтініш берушінің қолы: \_\_\_\_\_

Уақыты: \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут.

Тіркеушінің тегі, аты және болған кезде әкесінің аты және қолы

А у ы л шаруашылығы  
жануарларының кепілін тіркеу  
туралы қағидаларға 2-қосымша  
Нысан

тіркеуші органның атауы

### Қолхат

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ өтініш бойынша құжаттарды алдым.  
Уақыты: \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут.  
1. Төлем бойынша құжат: түрі \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ соммаға  
2. \_\_\_\_\_

Мөр орны

Қабылдадым: \_\_\_\_\_ Өтініштің орындалу күні: \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты және қолы 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

А у ы л шаруашылығы  
жануарларының кепілін тіркеу  
туралы қағидаларға 3-қосымша  
Нысан  
№ \_\_\_\_\_ п а р а қ  
№ \_\_\_\_\_ тіркеу ісі

### Ауыл шаруашылығы жануарлары кепілінің тізілімі

жазба №	тізілім №	кепіл нысаны	Кепіл ұстаушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, туған күні; заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, тіркеу нөмірі	Кепіл беруші жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, туған күні; заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы, тіркеу нөмірі	Кепіл соммасы
1	2	3	4	5	6

#### кестенің жалғасы

	Кепілдің туындауы	Кепілдің аяқталуы	
--	-------------------	-------------------	--

Келісім-шарттың қолданылуы	Құжаттың атауы және нөмірі, тіркеу нөмірі, тіркеушінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы	Күні және уақыты (сағат және минут)	Құжаттың атауы және нөмірі, тіркеу нөмірі, тіркеушінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы	Күні және уақыты (сағат және минут)	Тіркеушінің ерекше белгілері
7	8	9	10	11	12

**Тіркеу парағын аяқтау/жалғастыру туралы жазба**

Жазбаларды аяқтау/жалғастыру үшін негіз (жалғастыру кезінде)	Ауыстырылған (жабу кезінде) немесе соңғы (жалғастыру кезінде) жазбалар тізімі	Парақ нөмірі	Күні, уақыты (сағат, минут)	Тіркеушінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы
1	2	3	4	5

**А у ы л                    ш а р у а ш ы л ы ғ ы**

**ж а н у а р л а р ы н ы ң**

**к е п і л і н**

**т і р к е у**

**т у р а л ы қ а ғ и д а л а р ғ а 4-қ о с ы м ш а**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.04.2013 № 15-07/172 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Нысан

**Ауыл шаруашылығы жануарлары кепілін тіркеу туралы куәлік**

**20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ берілді

(кепіл ұстаушының реквизиттері)

Кепіл нысанына:

Тізілім нөмірі	Кепіл нысанын түрі және сипаты	Саны	Кепіл құны	Ескерту
1	2	3	4	5

\_\_\_\_\_ қатысты

\_\_\_\_\_ кепіл

\_\_\_\_\_ тіркелгенін

\_\_\_\_\_ растайды

К е п і л

ұ с т а у ш ы н ы ң

қ ұ қ ы ғ ы

(жеке тұлғаның тегі, аты және болған кезде әкесінің аты, тұрғылықты



жері, туған күні және жылы/ заңды тұлғаның атауы, тіркеу (қайта тіркеу) анықтаманың нөмірі, орналасқан жері)

к е п і л

н ы с а н ы н а

кепіл нысанын сипаттау (жануардың бірдейлендіру нөмірі)  
кепіл туралы келісім-шарт негізінде

(келісім-шарт жасасу күні және жері)

тіркелген және  
(тіркеуші органның атауы, тіркеу күні және нөмірі)  
келесі негізгі шарттарды қамтитын:

(негізгі міндеттеменің көлемі және орындалу мерзімі және кепілдің өзге шарттары)

Кепіл беруші \_\_\_\_\_ құқығы  
(қ ұ қ ы қ т ү р і)

расталды  
(жеке тұлғаның тегі, аты және болған кезде әкесінің аты, тұрғылықты жері, туған күні және жылы/ заңды тұлғаның атауы, тіркеу (қайта тіркеу) анықтаманың нөмірі, орналасқан жері)

Кепіл нысанына құқық беретін құжаттың атауы, қабылдау күні, тіркеу нөмірі және күні

Т і р к е у ш і

(тегі, аты және болған кезде әкесінің аты және қолы)

Тіркеуші органның басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты және болған кезде әкесінің аты және қолы)

Мөр орны

Е с к е р т у .

1. Ауыл шаруашылығы жануарлары кепілін тіркеу туралы куәліктің реттік нөмірі  
б о л у ы қ а ж е т .
2. Осы ауыл шаруашылығы жануарлары кепілін тіркеу куәлігі кепілді өтеген  
кезде тіркеуші органға қайтарылу тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК